

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Құстың үйшігі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
11.11.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/84716/>

«Қарлығаш» бөбектер бақшасы

### Ашық сабақ

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет түрі: Апликация

**Тақырыбы:** «Құстың үйшігі»

### «Жігер» тобы

Тәрбиеші: Худабай Айтансык

2020-2021 оқу жылы

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Апликация

**Тақырыбы:** Үйшік

**Мақсаты:** Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сүлгіні қолдану дағдыларын жетілдіру.

**Білімділігі:** 1. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру

**Дамытушылығы:** 2. Үй құстары мен дала құстарына балаларға мәлімет беру.

**Тәрбиелігі:** 3. Құстарға қамқоршылық жасауға дағдылау

**Қолданылған көрнекіліктер, қажетті құрал-жабдықтар:** үйшіктің суреті түрлі-түсті қағаздар қайшы, желім үлестірмелі материалдар, фота карточкалар.

**Технологиясы:** ӨТШТ, 4К технологиясы, мнемо кесте.

**Билингвальді компонент:** үйшік- домик.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс -әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық қызығушылық</b>	<p>Психологиялық сәт:            Біздер жақсы баламыз,            Өсті ақыл санамыз.            Қонақтармен ең алғаш,            Амандасып аламыз.            Жарқырасын күніміз,            Жайнап тұрсын гүліміз.            Жақсы ниет тілекпен,            Бастайық сабақ бүгін біз.            -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?            -Дұрыс айтасыңдар. Ал күзде            айналамызда қандай өзгерістер            болады?            -Жарайсыңдар балалар!</p>	<p>Балалар шеңберге тұрып            шаттық шеңберін жасайды.</p> <p>-Күз мезгілі.</p> <p>-Жапырақтар түседі, құстар            жылы жаққа ұшып кетеді.</p>

<p><b>Ұйымдастыру іздестіру</b></p>	<p>Сендерге жұмбақ жасырамын. Тау басында тамаша үй. Ол не? Балаларға құстың үйшігінің суретін көрсету.</p> <p>Құстар дайын ұяға қоныстанады. Ал енді бірі бұтаның арасына өріп өздері ұя жасайды. Осы ұяларға жұмыртқа салып басады. Кейін балапандары өсіп қанаттары қатайған соң, олар ұшып кетеді. Үйшікті неден жасайды? -Құстардың түрлері өте көп. Олар суықторғай, торғай, қарға, сауысқан, тоқылдақ т.б. сияқты құстар болады. Ал енді балалар ортаға шығып ойын ойнаймыз. Ойын: «Болады, болмайды». Құстарды таспен атуға болады. Құстарды тамақтандыруға болады. Құстың ұясынан жұмыртқа алып жаруға болады. Құстың ұясын бұзуға болады. Құстарға қамқорлық жасауға болады.</p> <p>Балалар енді мнемокесте арқылы тақпақты қайталаймыз. Сергіту сәті: Қане, қане тұрайық, Қарлығашқа ұқсайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық. Ал, енді үйшіктің қиындыларын құрастырып жапсырамыз. Құстың үйшігін суретке қарап жапсырамыз. Ойын: «Үй құсы мен дала құсын ажырату» .</p> <p>Интерактивті тақтаның қолданылуымен ойын. «Өз ұясын қондыр»</p> <p>Екі қарға кезікті ән айтты қар, қар, қар Екі сауысқан кезікті ән айтты сақ, сақ, сақ. Екі торғай кезікті ән айтты шиқ,шиқ,шиқ, Екі көкөк кезікті ән айтты көкөк,көкөк,көкөк.</p>	<p>-Құстың үйшігі. Балалар тыңдайды.</p> <p>-Ағаштан жасайды.</p> <p>Дұрыс әрі тура мағынадағы сөйлем айтылса қол шапалақтайды. Бұрыс сөйлем айтылса келіспесе, аяғын топылдатады.</p> <p>Торғай, торғай торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашаайын теріп ал, Сонда аяздан тоңбайсың.</p> <p>Балалар сергіту жаттығуын жасайды.</p> <p>Құстың үйшігін суретке қарап жапсырады.</p> <p>Тақтаға үй құсын бір бағанға, дала құстарын бір бағанға ажыратып қояды.</p> <p>Балалар ұяға құстарды атын атап, ұяның үстіне орналастырады.</p> <p>Балалар бірге айтып қайталайды.</p>
<p><b>Рефлексивті түзетушілік</b></p>	<p>Ағашты сындырған дұрыс па? Құсты таспен атқан дұрыс па? Құстарға біз қалай қамқорлық жасаймыз. Бүгін біз не жапсырдық?</p>	<p>-Жоқ -Жоқ. Құстарға тас лақтырмаймыз. Құстың ұясын жапсырдық.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

Нені білу керек:	Үйшік туралы
Нені игереді:	Құстардың үйшігін пішіндер арқылы жапсыруды
Нені біледі:	Үйшік жөнінде.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.